

СЕНИМ – СЕНІ АЛҒА ЖЕТЕЛЕР ҰЛКЕН КҮШ!

Сенім адамның белгілі бір түсініктеріне сәйкес қажеттіліктерін қанағаттандыру жүйесі. Қажеттіліктерін орындау жолында адам дүниетанымдық көзқарасында, табиғат пен әлеумет заңдылықтары жөніндегі ұғымдарына, өмір тәжірибесіне сүйене отырып іс-әрекет жасайды. Адамның адалдығына сеніп, оны құрметтей білу әдептілік. Сол сияқты бүкіл әлемге жақсылық ойлау адамның тұлғалық бейнесі.

Қазіргі заман бәсекелестік заманы болғандықтан, оқушылар, жалпы жастар қауымының арасында өнерге, білімге деген құлшыныс күн өткен сайын арта түсуде. Осы мақсатта, алдағы армандарын, ойларын нақтылау мақсатында қара шаңырақ, яғни әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да бірнеше іс-шара, дөңгелек үстелдер болып тұратыны анық.

Тек өзіңе сеніп, алға қарай ұмтыла білсең, арманың жолында аянбай тер төгіп, күресе білсең ғана жеңіс сенде болады белгілі.

Қорыта келе, біз бір-бірімен жарыса шапқан мынадай бәсекелестік заманында соған сай азаматтар мен азаматшаларды тәрбиелеуді, оларға дұрыс білім беруді қолымызға алып отырмыз. Бұл біздің міндетіміз. Сол үшін сол жолда аянбай еңбек етуден тайынбаймыз. «Жүйріктен жүйрік озар жарысқанда» демекші әрбір оқушыны өз жолында жүйрік етіп шығаруды басты мақсатқа қойып отырмыз. Сонда ғана мемлекетіміз қуатты, білімді, алдыңғы қатарлы ел болады деп білеміз және солай боларына сенеміз!

Мұса Т., Таукенова А.С.

ҚАЗҰУ-ДЫҢ ТҮЛЕКТЕРІ, ЖАСТАРЫ

Қазіргі таңда қоғамда болып жатқан өзгерістер қаншама. Олардың жақсысы да, жағымсызы да жетерлік. «Сол мәселелерді бүгінгі таңда кім орын-орнына қоя алады» деген сұрақ әрбір адамның ойында жүрері хақ. Әрине, бұл сұрақтың жауабы сол өзіміздің өскелең ұрпақ, жастарымыз емес пе. Бұл тұрғыда барлық жауапкершілікті солардың мойнына жүктеу, әрине, қате ұғым. Ел үшін, қоғам үшін әрбір тұлғаның рөлі өзінше бөлек. Бірақ басым көпшілік күшті сол біздің жастарымыз алмақ. Себебі, қазіргі ғылым мен білімнің дамыған заманында заман ағынымен өсіп келе жатқан, міне, осы жастарымыз емес пе. Сол үшін біз сол жастарымызға сенеміз.

Қазіргі ХХІ ғасыр білімділердің ғасыры. Оны еш күмәнсіз айта аламыз. Осы тұрғыда ҚазҰУ студенттері өздерінің талпынысымен адамды қуантуда. Әрине, өзге жастарымыздың да жасап жатқан дүниелері жоқ емес. Бірақ көз алдымызда дамып, өсіп жатқан студенттеріміз өз бақылауымызда болғандықтан олардың орны бөлек болып тұрады екен. Жастардың білімін жетілдіру барысында университетіміз ерекше белсенділік танытуда. Жылдан-жылға түрлі бағдарламалар санын көбейтуде. Осы тұрғыда физика-техникалық факультетіне қараша айында Осака университетінің екі оқытушысы, профессорлары келіп жоғарғы білім, яғни екінші диплом тұрғысынан пікір алмасқан болатын. Осака университеті, жалпы қазіргі таңда әлемдегі білім беру жөнінен алдыңғы орында тұрған университеттердің бірі болып табылады. Келген оқытушылар бізге біраз мәліметтерімен бөлісті. Студенттердің міндеті, ол жақта тәжірибе алмасып, елге білімдерін одан әрі жетілдіріп оралу. Жалпы, қазіргі заманда бәсекеге қабілетті ел боламыз деген мақсат қойылса, соған сай бәсекеге қабілетті жастардың болуы міндетті деген оймен осындай біршама жобалар, бағдарламалар қара шаңырағымызда орын алуда. Сөзімді қорытындылай келе мына өлең жолдарымен аяқтасам:

*Көп қой шіркін, бауырлары, достары,
Тек алға деп сөздің бірін бастады.
Қарап тұрсаң, қызығасың, тоймайсың
Бұл ҚазҰУ түлектері, жастары.
Мына күні біраз ойды түйемін,
Елім үшін қуанамын, күйемін.
Білім алып жүрген оқу орнымды
ҚазҰУ-ды мен мәңгілік сүйемін!*

Каюмов У., Акрам Е., Жанатаев Д.

ТІЛ – ҰЛТТЫҢ ЖАНЫ

Тіл – ұлттың жаны, рухы, оның бет-бейнесі, өткені мен бүгіні және болашағы. Ғұлама ғалым А.Байтұрсынұлы: «Сөзі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады» деп тілдің ұлт үшін қандай маңызды екенін бір-ақ ауыз сөзге сыйдырған. Әлемде жаулап алушы елдердің озбырлығынан, үстемдігінен қаншама тіл жоғалып кетсе, қаншама тіл жоғалудың аз-ақ алдында тұрғаны мәлім. Сондықтан қазіргі жаһандану дәуірінде аз ұлттар мен ұлыстар өз тілдерін қорғап қалуға барынша күш салуда. Қазақстан Республикасы қазақ тілінің ғана емес, Қазақстанда тұратын барлық ұлттар мен ұлыстардың тілінің дамуына барынша жағдай жасап отыр. Елбасымыздың 22-қыркүйекті «Қазақстан халықтарының тілдері күні» деп жариялау да сол мақсаттан туған.

Қазіргі таңда әлемнің алпауыт мемлекеттері көп тілді, әсіресе халықаралық тілдерді меңгеруді маңызды міндет деп санайды. Сондықтан біз де өз халқымыздың қарыштап дамып, өркениеттен кенже қалмауы үшін көп тілді меңгеруіміз қажет. Бұл заман талабынан туындап отырған қажеттілік. Себебі бірнеше тілде еркін сөйлей де, жаза да білетін маман бәсекеге қабілетті тұлға айналатыны сөзсіз. Осы ретте, Президентіміз Н.Ә.Назарбаевтың: «Қазір біз балаларымыз қазақ тілімен қатар орыс және ағылшын тілдерін де белсенді меңгеру үшін жағдай жасауға шаралар қабылдап жатырмыз. Үштілділік мемлекеттік деңгейде ынталандырылуы керек», – деген болатын 2012 жылы 14 желтоқсандағы Жолдауында.

Ана тілімізді білу, онымен еркін сөйлеу ол мақсат емес, міндет. Қазіргі таңда бұл жағдай бір мәселеге айналып отырған секілді. Ал өзге тілдер, әсіресе, халықаралық ағылшын тілі, біздің болашағымыз үшін, мақсаттарымыздың орындалуы үшін үйренілуі керек тіл. Сол себепті, даму үстіндегі ел болғандықтан, еліміздің өркендеуіне септігімізді тигізгіміз келсе, ағылшын тілін білуіміз қажет.

Міне, осы тұста қара шаңырақ әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінде арнайы үйірмелер ұйымдастырылады. Ол үйірмелерде сіз дипломдық жобаңызға байланысты қандай мақалалар, өзге де ақпараттар жайын біле аласыз.

Сөзімді қорытындылай келе, ана тілімізде әдеби сөйлеп, өзге тілдерді үйреніп, жан-жақты азамат бола білейік!

Оралбай А.Е., Абдуллаева Ж., Жанатаев Д.

ӨНЕР АЛДЫ ҚЫЗЫЛ ТІЛ

Әрбір адамның жүрек түкпірінде бір сиқыр бар секілді. Бұл ғажайып сырға толы сандықта неше түрлі армандар, мақсаттар бар десеңші! Ал бұл сандықтың ең түбінде немесе кейде жарық жұлдыздай алға шоқ етіп шығатын бір нәрсе бар. Бұл не деп ойлайсыздар?

Бұл тамаша нәрсенің аты – өнер. Өнер – әр адамның бойындағы белгілі бір күдірет күші секілді. Кейде өмірден түңілген кездерде немесе көңіл күй түсіңкі болған жағдайларда, қолыңа гитара алып, бір шерткеннің өзі, сол басыңнан өткен көптеген ауыр кезеңдерді титтей болса да ұмытуға мүмкіндік береді. Ал оның өзі қандай керемет дүние. Адамның бойындағы дарын, талант деген осы ғой, шіркін...

Адам қандай бағытта оқып жүрсе де егер оның сүйген ісі өзге болса, онда сол бағытта жұмыс жасағаны дұрыс. Не болмаса, барлық өзінің қабілетін сынап, қайсысында жетістікке жете алады, сол бағыт бойынша жұмыс жасағаны абзал. Неге десеңіз, адам өз сүйген ісін жан-тәнімен беріліп жасайды және ол оған жұмыс деп емес, демалыс ретінде қарайды. Міне, адамның жеткен бастапқы жетістігі осы емес пе?! Міне, біздің қара шаңырақ ҚазҰУ-дан осындай көптеген талантты адамдар шығып жатыр десек, артық айтқанымыз болмас. Өткенге көз жүгіртпей-ақ қазіргі таңымызға қарасақ, химия факультетінің түлегі Жолдас Ерасыл бұған бір мысал бола алады. Ол әрине өз саласының маманы, бірақ қазіргі таңда өзін өнер жолында да бағын сынауда. Ондағы өнері халыққа ұнағандықтан, ол әлі күнге өз өнерін жалғастыруда.

Құлақтан кіріп, демалдырар адамды,
Өлең айтсаң біле білгін шамаңды.
Бір ғажайып көрсем егер құбылыс
Байқамай мен алып қоям қаламды.

Өнерлі адам ол ешқашан өнерін ішінде сақтай алмайды. Себебі ол өнер өзгелерге жетуі керек. Өзгелердің құнышын қандырып, керемет сезімге бөлеуі керек. Ол мейлі ән, мейлі би, мейлі басқа өнер болсын, ол іште тұншығып жата алмайды. Ол сыртқа шығып өзіне нәр алады, күш алады, сол үшін егер бойыңызда өнер болса еш тайсалмаңыз, ұялмаңыз, оны сыртқа шығарыңыз.

Манарбекқызы Т., Дүйсенбиева Г., Жанатаев Д.